

## Нұра ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 30 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 маусымда № 6447-09 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Нұра ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Нұра аудандық мәслихатының төрағасы*

*К. Жунусбеков*